

А.Б. Мейркулова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: a.b.meirkulova@gmail.com

«МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАТЫНАСЫН ӨЛШЕУ» ШКАЛАСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕЙІМДЕУ

Бұл мақалада Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінде жұмыс істейтін мұғалімдердің іріктеуіндегі мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеуге арналған зерттеу құралын қазақ тіліне бейімдеу үдерісінің сипаттамасы берілген. Зерттеу құралын бейімдеу процесі келесі қадамдарды қамтыды: 1) шкаланың аударылуы; 2) шкаланың іріктеме бойынша қолданылуы; 3) растаушы факторлық талдауды қолдану және алынған мәндерді түсіндіру. Шкаланың түпнұсқасынан қазақ тіліне аударылуы Түркияда білім алып жүрген және түрік тілін C1/B2 деңгейінде меңгерген 13 докторант және ғылыми қызметкерлер тарапынан жүзеге асырылды. Шкаланы қазақ тіліне аудару барысында, шкаланы түпнұсқадан басқа тілге бейімдеу үдерісінде жиі қолданылатын дәстүрлі тәсіл қолданылды. Қазақ тіліне аударылған шкала, зерттеу жұмысы аясында тандалған іріктеу тобына кіретін мұғалімдерге (n=614) жүргізілді. Қазақ тіліне аударылған шкаланың фактор құрылымын растау және ол үлгінің жиналған мәліметтермен үйлесімділігін тексеру үшін растаушы факторлық талдау (Confirmatory factor analysis) қолданылды. Осы қадамдарға сәйкес AMOS 24 бағдарламасы арқылы растаушы факторлық талдаудан алынған сәйкестік көрсеткіштері мен факторлық жүктемелердің мәндері зерттелді. Олардың біріншісі Хи-квадрат статистикасы. Хи-квадрат статистикасына іріктеу тобының көлемі әсер ететіндіктен, талдау барысында мәннің өзі емес, χ^2/sd қатынасы пайдаланылды. Растаушы факторлық талдау кезінде түбірдің орташа квадраттық қателігі (RMSEA), салыстырмалы сәйкестік индексі (CFI), Такер Льюис индексі (TLI) және сәйкестік индексінің жақсылығы (GFI) сияқты индекстер қарастырылды. Растаушы факторлық талдау нәтижесінде модельдің сәйкес келу мәндері келесідей анықталды: $\chi^2/sd = 4,36$; RMSEA = 0,062; CFI = 0,90; TLI = 0,89 GFI = 0,90. Растаушы факторлық талдау нәтижесінде өлшеу құралы болып табылатын «Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу шкаласы» түпнұсқаағы бастапқы құрылымын сақтағаны, яғни қазақ тіліне бейімделген өлшеу құралы 3 факторлы 25 элементтен тұратын жарамды және сенімді шкала екені дәлелденді.

Қорытындылай келе, мұғалімдер мен болашақ мұғалімдердің өз кәсібінің мәртебесіне деген қатынасын анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қазақ тіліне бейімделген шкаланы қолдану бойынша ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: Мұғалім мәртебесі; мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу; шкаланы қазақ тіліне бейімдеу.

A.B. Meirkulova

Kazakh National Women's Teacher training university, Kazakhstan, Almaty
e-mail: a.b.meirkulova@gmail.com

Adaptation of the scale «Measuring the perception of the professional status of a teacher» into the Kazakh

This article presents a description of the process of adapting the toolkit to the Kazakh language, dedicated to measuring attitudes towards the professional status of a teacher in a sample of teachers working in secondary schools in the city of Astana. The process of adapting the toolkit included the following steps: 1) scale translation; 2) application of the scale on the sample; 3) the use of confirmatory factor analysis and interpretation of the obtained values. Translation of the scale from the original into the Kazakh was done by thirteen doctoral students and researchers studying in Turkey and have fluent academic Turkish at the C1/B2 level. To translate the scale into Kazakh, a traditional scale adaptation approach was chosen. The scale, translated into Kazakh, was carried out for a sample (n = 614) of the study. Confirmatory factor analysis was used to confirm the factorial structure of the scale translated into Kazakh and to check the compatibility of the model with the collected data. The values of conformity and factor loads obtained from the confirmatory factor analysis were studied using the AMOS 24 program. A chi-square test was studied. However, since a chi-square test is affected by sample size, it is necessary to decide whether the model data are consistent. Therefore, the analysis uses the ratio χ^2/sd rather than the

value itself. Confirmatory factor analysis took into account measures such as root mean square error of approximation (RMSEA), comparative fit index (CFI), Tucker-Lewis index (TLI), and good fit index (GFI). The fit values of the model as a result of the confirmatory factor analysis are as follows; $\chi^2/sd = 4,36$; RMSEA = 0,062; CFI = 0,90; TLI = 0,89 GFI = 0,90. As a result of the confirmatory factor analysis, it was found that the measuring tool retained its structure from the original form and is a valid and reliable scale consisting of 25 elements with three factors, adapted to the Kazakh. In conclusion, recommendations were given on the use of a scale adapted to the Kazakh language for conducting research on the attitude of teachers and future teachers to the professional status of the teaching profession.

Key words: teacher status; measuring the status of the teaching profession; adaptation of the scale to the Kazakh.

А.Б. Мейркулова

Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы
e-mail: a.b.meirkulova@gmail.com

Адаптация шкалы «Измерение отношения к профессиональному статусу учителя» на казахский язык

В статье представлено описание процесса адаптации диагностического инструментария на казахский язык. Шкала связана с измерением отношения к профессиональному статусу учителя, апробация проведена на выборке учителей, работающих в общеобразовательных школах города Астана. Процесс адаптации инструментария включал следующие этапы: 1) перевод шкалы; 2) применение шкалы на выборке респондентов; 3) использование подтверждающего факторного анализа и интерпретация полученных значений. Перевод шкалы с оригинала на казахский язык осуществлен 13 докторантами и научными работниками, обучающимися в Турции и свободно владеющими академическим турецким языком на уровне C1/B2. Для перевода шкалы на казахский язык был выбран традиционный подход перевода шкалы. Шкала, переведенная на казахский язык, была апробирована на выборке ($n = 614$) исследования. Подтверждающий факторный анализ (Confirmatory factor analysis) был использован для подтверждения факторной структуры шкалы, переведенной на казахский язык, и проверки совместимости модели с собранными данными. Значения конформности и факторных нагрузок, полученные в результате подтверждающего факторного анализа, изучались с помощью программы AMOS 24. Был использован критерий Хи-квадрат. Однако, поскольку на критерий Хи-квадрат влияет размер выборки, то при анализе использовалось отношение χ^2/sd , а не само значение. В подтверждающем факторном анализе учитывались такие индикаторы, как среднеквадратическая ошибка (RMSEA), относительный сравнительный индекс (CFI), индекс Такера-Льюиса (TLI) и индекс хорошего соответствия (GFI). В результате подтверждающего факторного анализа значения соответствия модели выглядят следующим образом; $\chi^2/sd = 4,36$; RMSEA = 0,062; CFI = 0,90; TLI = 0,89 GFI = 0,90. Подтверждающим факторным анализом установлено, что адаптированный на казахский язык инструментальный исследования сохранил свою изначальную структуру как на турецком языке и представляет собой валидную и достоверную шкалу, состоящую из 25 элементов с 3 факторами. В заключении были даны рекомендации по использованию адаптированной на казахский язык шкалы для проведения исследований отношения учителей и будущих учителей к профессиональному статусу учительской профессии.

Ключевые слова: статус учителя; измерение статуса профессии учителя; адаптация шкалы на казахский язык.

Кіріспе

Бір мемлекеттің білім сапасы көп жағдайда сол білім беру жүйесінің негізгі субъектісі болып табылатын мұғалімге тікелей байланысты. Бұл тұрғыда білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратын мұғалімдердің жағдайы мен олардың мәртебесі білім саласының өзекті мәселелердің бірі болып табылады (Мейркулова, 2021a:140) [1]. Ал сол кәсіпті жүзеге асыратын мұғалімдердің өз кәсібіне деген қатынасының дұрыс болуы, мәселенің екінші маңызды тарапы болып

табылады. Себебі мұғалімдердің өз кәсібіне деген жағымды қатынасы, олардың кәсібін тиімді іске асыруының маңызды шарттарының бірі.

Сонымен қатар, мұғалім қызметімен мұғалімнің әлеуметтік мәртебесі туралы әдебиеттерге шолу жасағанда, соңғы жылдары мұғалім мәртебесінің біртіндеп төмендегені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда да Қазақстандағы мұғалімдер мен мұғалімдік кәсіптің мәртебесі туралы деректерді анықтау өте маңызды. Осы тақырып бойынша отандық әдебиеттерді зерттегенде, Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби

мәртебесін анықтауға арналған эмпирикалық зерттеулердің мүлдем жоқ екені анықталды. Осы тұрғыда, ұсынылып отырған мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеуге арналған зерттеу құралын қазақ тіліне бейімдеу аса маңыздылыққа ие болып отыр. Зерттеу құралы 2021 жылы Мейркулова және Гелишли тарапынан әзірленген түрік тіліндегі «Öğretmenlik Mesleğinin Statüsüne Yönelik Algı Ölçeği» атты шкаланы түпнұсқасы түрік тілінде әзірленген шкала (Meirkulova & Gelişli, 2021) [2].


Бір тілде әзірленген шкаланы екінші тілге аударып, сол тілде қолдану – әсіресе, әлеуметтік ғылым саласындағы эмпирикалық зерттеулерде мәлімет жинау үшін қолданылатын әдістердің бірі. Алайда, аударылған шкаланың сенімділігін, жарамдылығын және бастапқы үлгіге сәйкестігін анықтау үшін шартты қадамдардың жасалуы өте маңызды болып табылады (Büyükoztürk, 2020; Mason, 2017; DeVellis, 2017, Aiken, 2005) [3; 4; 5; 6]. Осыған сәйкес, ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты мұғалімнің кәсіби мәртебесіне деген қатынасын өлшеуге арналған зерттеу құралын қазақ тіліне бейімдеу болып табылады. Зерттеу

барысында өлшеу құралын бейімдеу процесі келесі қадамдарды қамтыды: 1) шкаланың аударылуы; 2) шкаланың іріктеме бойынша қолданылуы; 3) растаушы факторлық талдауды қолдану және алынған мәндерді түсіндіру.

1) Шкаланың аударылуы

Шкаланы түпнұсқадан басқа тілге аударудың түрлі әдістері бар. Бұл зерттеу үшін шкаланың түрік тілінен қазақ тіліне аудару үшін зерттеулерде жиі қолданылатын дәстүрлі тәсіл қолданылды (Haçser, 2003) [7]. Шкаланың аударма жұмысына Түркияда білім алып жүрген және түрік тілін академиялық С1/В2 деңгейінде меңгерген жалпы саны 13 докторант пен ғылыми қызметкерлер қатысты. Шкалаға аударма жасау және аударылған нұсқаны талдау барысында, шкала сұрақтарының анықтығы мен олардың мағыналық және мазмұндық сәйкестігіне ерекше назар аударылды.

Шкаланы аударма жұмысы бес кезең тұрды. Олар: 1. Бастапқы аударма; 2. Бастапқы аударманы талдау; 3. Кері аударма; 4. Кері аударманы талдау; 5. Сарапшы пікірі. Шкаланың қазақ тіліне аударылу кезеңдері 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Шкаланың қазақ тіліне аударылу кезеңдері

1-суретте көрсетілгендей, аударма жұмысының алғашқы кезеңі жоғарыда айтылғандай екі тілді де жетік меңгерген сегіз сарапшы шкаланы түпнұсқа тілден қазақ тіліне аударма жасаудан басталды. Екінші кезеңде бастапқы аударманы үш сарапшы талдап, қажетті түзетулер енгізді. Бастапқы аударма және бастапқы аударманы талдау нәтижесінде сарапшылардың бірлескен шешімімен түрік тілінен қазақ тіліне аударылған шкаланың қазақша нұсқасы жасалды. Үшінші кезең – кері аудару кезеңі. Бұл кезеңде қазақ тіліне аударылған нұсқа, басқа бес сарапшыға түрік тіліне кері аударуды сұралды. Содан кейін екінші кезеңге қатысқан үш сарапшы кері аударманы талдады. Бұл талдауда сарапшылар, кері

аударма кезеңінің нәтижесінде алынған түрікше нұсқа қаншалықты бастапқы аударма кезеңіндегі түпнұсқадағы түрікше нұсқаға сәйкес келетіндігі салыстырылды. Яғни, сарапшылар кері аударма нәтижесіндегі түрікше нұсқасы шкаланың түпнұсқа формасына сәйкестігімен, қоса оның мазмұндық ұқсастығы да талдады. Талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі шкаланың қорытынды үлгісі жасалып, аударудың соңғы кезең болып табылатын сарапшы пікіріне ұсынылды. Сарапшы түрік тілінен қазақ тіліне аударыған нұсқаны толық саралап, ол нұсқаның дұрыстығы нақтыланған соң қазақ тіліндегі шкала зерттеудің іріктеме тобына қолдануға дайындалды.

2) Шкаланың іріктеме бойынша қолданылуы Түрік тілінен қазақ тіліне аударылған «Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу» атты шкаланы бейімделуі үшін зерттеу іріктемесіне кіретін Астана қаласының мемлекеттік мектептерінде жұмыс істейтін 614 мұғалімге жүргізілді. Мұғалімдер туралы демографиялық сипаттамалық мәлімет 1-кестеде берілген.

1-кесте – Зерттеу іріктемесіне кіретін мұғалімдер туралы демографиялық сипаттамалық мәліметтер

Айнымалылар		N	%
Жынысы	Әйел	525	85,5
	Еркек	89	14,5
Жасы	17-25	110	17,9
	26-30	79	12,9
	31-35	96	15,6
	36-40	93	15,1
	41 және жоғары	236	38,4
Барлығы		614	100

1-кестені жалпы қарастыратын болсақ, зерттеуге қатысушы мұғалімдердің 525-сі (85,5%) әйелдер, 89-ы (14,5%) ер адамдар. Мұғалімдердің 110-ы (17,9%) 17-25 жас аралығында, 79-ы (12,9 %) 26-30 жас аралығында, 96-сы (15,6%) 31-35 жас аралығында, 93-і (15,1%) 36-40 жас аралығында, 236-сы (38,4%) 41 және жоғары екені байқалады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу сандық әдіске негізделген жұмыс. Сандық зерттеу тәжірибеден өткен құбылыстарды объективті ету, өлшеу және оларды сандық өрнекпен көрсету арқылы бақылауды мүмкін ететін зерттеу. Сандық зерттеудің ең маңызды ерекшелігі оның объективті болуы (Karasar, 2020) [8].

3) Растаушы факторлық талдауды қолдану және алынған мәндерді түсіндіру

Түрік тіліндегі «Öğretmenlik Mesleğinin Statüsüne Yönelik Algı Ölçeği» атты шкаланы қазақ тіліне бейімдеу кезінде, бастапқы құрылымын сақтап қалғандығын растау мақсатында растаушы факторлық талдау жасалды. Себебі, зерттеуші


Херли және басқа ғалымдардың пікіріне сәйкес, жеткілікті эмпирикалық және теориялық дәлелі бар шкаланың зерттеуші факторлық талдауын (Exploratory factor analysis) жүргізбестен, тікелей растаушы факторлық талдау (Confirmatory factor analysis) қолдануға болатындығы туралы тұжырым айтылған (Hurley et al., 1997) [9].

Браунның пікіріне сәйкес растаушы факторлық талдау, өлшеу құралы құрылымның жарамдылығын тексеруде маңызды құрал болып табылады (Brown, 2015) [10]. Осы зерттеу шеңберінде растаушы факторлық талдауы AMOS 24 бағдарламасы арқылы анықталды. Алынған нәтижелерді талдау барысында сәйкестік индекстері мен факторлық жүктемелерге қаралды. Хи-квадрат тестіне өлшем үлкендігі ықпал ететіндіктен, үлгі – дерек сәйкестігін шешу мақсатында χ^2/sd қатынасы қолданылды. Бұл арақатынас бестен төмен болса, жақсы деңгейдегі сәйкестік дегенді білдіреді. Сонымен қатар, зерттеу аясында орташа квадраттық жуықтау қателері (RMSEA), салыстырмалы сәйкестік индексі (CFI) және Такер Льюис индексі (TLI) қарастырылды. Бұл индекс мәндері сәйкесінше; RMSEA 0,08 немесе одан аз және CFI, TLI және GFI 0,90 жоғары және 1-ге жақын болғанда үлгі сәйкестігінің жақсы екендігін білдіреді (Tabachnick et al., 2019; Hu et al., 1999) [11; 12].

Алынған деректер бойынша орындалған растаушы факторлық талдау нәтижесінде алынған Жол диаграммасы (Path diagram) 2-суретте келтірілген.

2-суретте көрсетілгендей, фактор жүктемелері F1 факторы үшін 0,37 және 0,78; F2 факторы үшін 0,51 және 0,85 және F3 факторы үшін 0,34 және 0,75 арасында өзгереді. Растаушы факторлық талдау нәтижесінде алынған сәйкестік индекстері 2-кестеде келтірілген.

2-кестедегі растаушы факторлық талдаудың нәтижесі зерделенген кезінде түбірдің орташа квадраттық қателігінің c_2/sd (4,365) мәні 5-тен төмен және RMSEA мәні 0,08-ден төмен екені көрінді. TLI, CFI және GFI сәйкестік көрсеткіштері де 0,90 шамасында, бұл индекстер модель – деректер сәйкестігіне қол жеткізілгенін және шкаланың үш өлшемді құрылымының Қазақстанда жасалған нақты тәжірибе үшін жиналған деректермен расталғанын көрсетеді. Растаушы факторлық талдау нәтижесінде алынған модель үшін факторлық жүктемелер 3-кестеде келтірілген.



2-сурет – Жол диаграммасы (Path diagram)

2-кесте – Модельдің сәйкестік индекстері

c	RMSEA	CFI	TLI	GFI
4,365	0,062	0,902	0,890	0,901

3-кесте – Растаушы факторлық талдау нәтижесінде алынған факторлық жүктемелер

F1		F2		F3	
Шкала элементтерінің реттік саны	Фактор жүктемесі	Шкала элементтерінің номері	Фактор жүктемесі	Шкала элементтерінің номері	Фактор жүктемесі
1	,470	12	,798	20	,340
2	,373	13	,853	21	,387
3	,485	14	,852	22	,315
4	,752	15	,776	23	,702
5	,782	16	,770	24	,750
6	,659	17	,528	25	,563
7	,702	18	,510		
8	,524	19	,701		
9	,548				
10	,458				
11	,513				

3-кестені қарастырған кезде шкаладағы орын алған 25 элементтің факторлық жүктемесі 0,315 пен 0,776 аралығында екені көрінеді. Бұл факторлық жүктеме мәндері қажетті деңгейде болып және шкала факторлық жүктеме бойынша да расталды деген қорытындыға келді [13].

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу жұмысы үшін мәлімет жинау мақсатында Мейркулова және Гелишли тарапынан жасалған түрік тілінен қазақ тіліне аударылған «Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу» атты шкала қолданылды. Бұл шкаланың мақсаты, мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесіне қатынасын анықтау болып табылады. Шкала үш фактордан тұрады. Олар: Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (11 шкала элементі), Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (8 шкала элементі), Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (6 шкала элементі).

Шкала үшін бес балдық Лайкерт келісім шкаласы қолданылды. Лайкерт шкаласы – сұраққа немесе мәлімдемеге қатысушының қатынас немесе келісім деңгейін анықтау үшін қолданылатын сандық жауап шкаласы [14]. Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу шкаласы екі бөліктен тұрады. Бірінші

бөлімде демографиялық және жеке мәліметтерге қатысты сұрақтар қойылды. Бұл сұрақтар қатысушылардың жынысы және жасы сияқты мәліметтерді қамтиды. Шкаланың екінші бөлігі мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы пікірлерді қамтитын 25 шкала элементінен тұрады. Оның 4-і теріс, 21-і оң пікірден құралған. Шкала элементтері үшін «толықтай келісемін», «келісемін», «ішінара келісемін», «келіспеймін» және «мүлдем келіспеймін» деген келісу дәрежелері ұсынылды және олар тиісінше «5, 4, 3, 2, 1» және теріс пікірлер үшін «1, 2, 3, 4, 5» ұпайларымен бағаланды.

Зерттеу шеңберіне сәйкес шкала элементтері, қатысушы мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің мәртебесі қандай деңгейде екенін анықтауға бағытталды. Осыған сәйкес өлшеу құралы болып табылатын қазақ тіліне аударылған шкаладан алынған сандық деректерді талдауда сипаттамалық статистика, сонымен қатар шкаладан алынған орташа мәнді түсіндіру үшін 4-кестеде берілген шкала элементтерін бағалау диапазондары пайдаланылды.

Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу шкаласының факторларынан алынған орташа мәндерді бағалау үшін 5-кестедегі бағалау диапазондары пайдаланылды.

4-кесте – Шкала элементтерін бағалау диапазондары

Келісу дәрежесі	Шкала элементтері үшін бағалау диапазоны	Шкаланың орташа мәні бағалау диапазоны
Толықтай келісемін	4, 21 – 5, 00	105,01 – 125,00
Келісемін	3, 41- 4, 20	85,01- 105,00
Ішінара келісемін	2, 61 – 3, 40	65,01 – 85,00
Келіспеймін	1, 81 – 2, 60	45,01 – 65,00
Мүлдем келіспеймін	1, 00 – 1, 80	25,00 – 45,00

5-кесте – Шкала факторларынан алынған орташа мәндерді бағалау диапазондары

Келісу дәрежесі	1-факторды бағалау диапазоны	2- факторды бағалау диапазоны	3- факторды бағалау диапазоны
Толықтай келісемін	46,21 – 55,00	33,61 – 40,00	25,03 – 30,00
Келісемін	37,41- 46,20	27,21- 33,60	20,05- 25,02
Ішінара келісемін	28,61 – 37,40	20,81 – 27,20	15,61 – 20,04
Келіспеймін	19,81 – 28,60	14,41 – 20,80	10,81 – 15,60
Мүлдем келіспеймін	11,00 – 19,80	8,00 – 14,40	6,00 – 10,80

Зерттеу шеңберіне сәйкес шкала элементтері, қатысушы мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің қандай деңгейде екенін анықтау мақсатында 4-кестеде берілген мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу шкаласынан алынған факторлар мен

жалпы орташа мәндер, мәліметтердің саны, қиғаштық коэффициенті, орташа мән, стандартты ауытқу, шкаладан алынған максимум және минимум мәндер талданып, нәтижесі 6-кестеде берілген (Субботина, Гржибовский, 2015) [15].

6-кесте – Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне көзқарасын өлшеу шкаласынан алынған нәтижелер

	N	Қиғаштық	\bar{X}	ss	Минимум	Максимум
Жалпы орташа мән	614	,288	88,76	9,34	62,00	118,00
Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)	614	,187	43,87	4,74	29,00	55,00
Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)	614	-,006	23,00	2,82	8,00	38,00
Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)	614	,073	21,89	3,03	13,00	30,00

6-кестеде көрсетілгендей шкаласының жалпы және фактор мәндерінің қиғаштық коэффициенттері ± 1 аралығында. Сонымен қатар мұғалімдердің шкаладан алған минимум мән 62.00, максимум мән болса 118.00 құрады. Ал, шкаланың жалпы орташа мәні 88,76 болып есептелді. Мұғалімдердің берген жауаптары бойынша алынған орташа мән ($X=88,76$), шкаланың орташа мәнін бағалау диапазонына (5-кесте) сәйкес «келісемін» деңгейінде (85,01-105,00). Демек, қатысушы мұғалімдер шкала элементтеріндегі мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға оң қатынаста екендігі және мұғалім кәсібінің мәртебесін «жақсы» деңгейде деп бағалайтындары анықталды. Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу шкаласын факторлар тұрғысынан талданғанда; «Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)» атты шкаланың бірінші факторынан алынған ең төменгі мән 29,00, ең жоғары мән 55,00 және орташа мән 43,87 құрады. Бірінші факторға қатысты тұжырымдарға мұғалімдердің берген жауаптарының орташа мәні ($X = 43,87$) бағалау диапазонына (3-кесте) сәйкес «Келісемін» деңгейінде (37,41- 46,20). Сәйкесінше, мұғалімдер, «Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (F1)» атты шкаланың бірінші факторындағы тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға жағымды қатынаста екендігі анықталды. «Мұғалім кәсібіне берілген

маңыздылық (F2)» атты шкаланың екінші факторынан алынған ең төменгі мән 8,00, ең жоғары мән 38,00 және орташа мән 23,00 болып есептелді. Екінші факторға қатысты тұжырымдарға мұғалімдерінің берген жауаптарының орташа мәні ($X=23,00$) бағалау диапазонына (3-кесте) сәйкес «Келісемін» деңгейінде (20,81-27,20). Сәйкесінше, мұғалімдер, «Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (F2)» атты шкаланың екінші факторындағы тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға жағымды қатынаста екендігі анықталды. «Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)» атты шкаланың үшінші өлшемінен алынған ең төменгі мән 13,00, ең жоғары мән 30,00 және орташа мән 21,89 болып есептелді. Үшінші факторға қатысты тұжырымдарға мұғалімдерінің берген жауаптарының орташа мәні ($X = 21,89$) бағалау диапазонына (3-кесте) сәйкес «Келісемін» деңгейінде (20.05-25.02). Сәйкесінше, мұғалімдер, «Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (F3)» атты шкаланың үшінші факторындағы тұжырымдармен келісе отырып, сол тұжырымдарға жағымды қатынаста екендігі анықталды.

Қорытынды

Зерттеуді қорытындылай келе, ұсынылған жұмыста мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеуге арналған зерттеу құралының

қазақ тіліне бейімдеу үдерісі сипатталды. Зерттеу құралын бейімдеу процесі үш қадамдарды қамтыды: 1) шкаланың аударылуы; 2) шкаланың іріктеме бойынша қолданылуы; 3) растаушы факторлық талдауды қолдану және алынған мәндерді түсіндіру.

2021 жылы Мейркулова және Гелишли тарапынан әзірленген түрік тіліндегі «*Öğretmenlik Mesleğinin Statüsüne Yönelik Algı Ölçeği*» атты шкаланы қазақ тіліне аудару үшін дәстүрлі тәсіл таңдалды. Он үш сарапшының қатысуымен және бес кезеңнен тұрған аударма нәтижесінде «Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу» атты шкала түрік тілінен қазақ тіліне аударылды. Шкаланы қазақ тіліне бейімдеу кезінде түпнұсқадағы құрылымын растау үшін растаушы факторлық талдау (Confirmatory factor analysis) жасалды. Растаушы факторлық талдау нәтижесінде келесідей мәндер анықталды: $\chi^2/sd= 4,36$; $RMSEA= 0,062$; $CFI= 0,90$; $TLI= 0,89$ $GFI= 0,90$. Бұл мәнде

растаушы факторлық талдау нәтижесінде шкаланың бастап құрылымының сақталғаны, шкаланың қазақ тіліне бейімделген нұсқасы да 3 факторлы 25 шкала элементінен тұратыны расталып, жарамды және сенімді зерттеу құралы екені дәлелденді.

«Мұғалімнің кәсіби мәртебесіне қатынасын өлшеу» атты шкала Қазақстанда мұғалім мен мұғалім кәсібінің мәртебесіне қатысты көзқарас пен қатынасты анықтауға бағытталған жарамдылығы мен сенімділігі дәлелденген зерттеу құралы ретінде қолданыла алады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің де кәсіби мәртебесіне қатысты жағымсыз немесе жағымды пікірде болуын анықтауға бағытталған зерттеулерде қолдануға болады.

Қазіргі таңда шкаланың түпнұсқасы Түркия мемлекетінде шағын көлемді зерттеулер мен магистрлік зерттеу жұмыстарда мәлімет жинау үшін қолданылған сенімді бір құрал ретінде танылған.

Әдебиеттер

1. Мейркулова А. Мұғалім мамандығының мәртебесі және оны анықтайтын өлшемдер//Қазақстан жас педагог – ғалымдарының қауымдастығы., «Зерттеу университеті жолында ғылым мен білімнің даму болашағы: жас педагог – ғалымдардың заманауи көзқарасы» I халықаралық вебинар материалдары. Бірінші басылым. Алматы: Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2021. – 139-143 б.
2. Meirkulova, A., Gelişli, Y. Öğretmenlik mesleğinin statüsüne yönelik algı ölçeği: bir ölçek geliştirme çalışması. Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Dergisi. 2021. №41(2). P. 1145-1172. <https://doi.org/10.17152/gefad.905176>
3. Büyüköztürk, Ş. Sosyal bilimler için veri analizi el kitabı: İstatistik, Araştırma Deseni Spss Uygulamaları ve Yorum. (28th ed.). Ankara: Pegem Akademi Yayıncılık, 2020.
4. Mason, T.C. Cross-cultural instrument translation: assessment, translation, and statistical application // American Annals of the Deaf. 2017. №150(1). P. 67-72.
5. DeVellis, R.F. Scale Development: Theory and Applications (4th ed.). Los Angeles: Sage Publications, Inc, 2017.
6. Aiken, L.R. Psychological Testing and Assessment (12th ed.). Boston: Pearson, 2005.
7. Hañçer, M. Ölçeklerin yazım dilinden başka bir dile çevirileri ve kullanılan değişik yaklaşımlar. Balıkesir Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 2003. №6(10). P. 47-61.
8. Karasar, N. Bilimsel araştırma yöntemi: Kavramlar, ilkeler, teknikler [Scientific research method: Concepts, principles, techniques]. (35th ed.). Nobel Yayın Dağıtım. 2020.
9. Hurley, A.E., Scandura, T.A., Schriesheim, C.A., Brannick, M.T., Seers, A., Vandenberg, R.J., et al. Exploratory and confirmatory factor analysis: Guidelines, issues, and alternatives // Journal of Organizational Behavior. 1997. №18(6). P. 667–683.
10. Brown, T.A. Confirmatory factor analysis for applied research. New York: The Guilford Press, 2015.
11. Tabachnick, B.G., Fidell, L.S. Using Multivariate Statistics (7th ed.). Boston: Pearson, 2019.
12. Hu, L.T., Bentler, P.M. Cutoff criteria for fit indexes in covariance structure analysis: Conventional criteria versus new alternatives // Structural Equation Modeling: A Multidisciplinary Journal. 1999. №6(1). P. 1-55.
13. Hooper, D., Coughlan, J., Mullen, M.R. Structural Equation Modelling: Guidelines for Determining Model Fit. // The Electronic Journal of Business Research Methods. 2008. №6(10). P. 53-60.
14. Creswell, J.W., Creswell, J.D. Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Method Approaches (5th ed.). Los Angeles: Sage Publications, Inc., 2018.
15. Субботина А. В., Гржибовский А. М. Описательная статистика и проверка нормальности распределения количественных данных // Экология человека. – 2014. – №. 2. – С. 51-57.

References

- Aiken, L.R. (2005). *Psychological Testing and Assessment* (12th ed.). Boston: Pearson.
- Brown, T.A. (2015). *Confirmatory factor analysis for applied research*. New York: The Guilford Press.
- Büyüköztürk, Ş. (2020). *Sosyal bilimler için veri analizi el kitabı: İstatistik, Araştırma Deseni Spss Uygulamaları ve Yorum*. (28th ed.). Ankara: Pegem Akademi Yayıncılık.
- Creswell, J.W., & Creswell, J.D. (2018). *Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Method Approaches* (5th ed.). Los Angeles: Sage Publications, Inc.
- DeVellis, R.F. (2017). *Scale Development: Theory and Applications* (4th ed.). Los Angeles: Sage Publications, Inc.
- Hançer, M. (2003). Ölçeklerin yazım dilinden başka bir dile çevirileri ve kullanılan değişik yaklaşımlar. *Balıkesir Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi*, 6(10), 47-61.
- Hooper, D., Coughlan, J., & Mullen, M.R. (2008). Structural Equation Modelling: Guidelines for Determining Model Fit. *The Electronic Journal of Business Research Methods*, 6(10), 53-60.
- Hu, L.T., & Bentler, P.M. (1999). Cutoff criteria for fit indexes in covariance structure analysis: Conventional criteria versus new alternatives. *Structural Equation Modeling: A Multidisciplinary Journal*, 6(1), 1-55.
- Hurley, A.E., Scandura, T.A., Schriesheim, C.A., Brannick, M.T., Seers, A., Vandenberg, R.J., et al. (1997). Exploratory and confirmatory factor analysis: Guidelines, issues, and alternatives. *Journal of Organizational Behavior*, 18(6), 667-683.
- Karasar, N. (2020). *Bilimsel araştırma yöntemi: Kavramlar, ilkeler, teknikler* [Scientific research method: Concepts, principles, techniques]. (35th ed.). Nobel Yayın Dağıtım.
- Mason, T.C. (2017). Cross-cultural instrument translation: assessment, translation, and statistical application. *American Annals of the Deaf*, 150(1), 67-72.
- Meirkulova, A. (2021). Mūğalım mamandyğynyñ mārtebesi jāne ony anyqtaityn ōlsemder//Qazaqstan jas pedagog – ġalymdarynyñ qauymdastyğy., «Zertteu universiteti jolynda ġylym men bilimniñ damu bolaşağy: jas pedagog – ġalymdardyñ zamanai közqarasy» I halyqaralyq vebinar materialdary. Birinşi basylım. Almaty: Abai atyndağy qazaq ūltyq pedagogikalıyq universiteti [The level of teacher professionalism and the measurements defining it. In Association of Young Teachers and Scholars of Kazakhstan (Eds.), *Development of Science and Education on the Path of the University of Research: Contemporary Perspectives of Young Teachers and Scholars* (pp. 139-143). Almaty, Kazakhstan: Abay University] (in Kazakh)
- Meirkulova, A., & Gelişli, Y. (2021). Öğretmenlik mesleğinin statüsüne yönelik algı ölçeği: bir ölçek geliştirme çalışması. *Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Dergisi*, 41(2), 1145-1172. <https://doi.org/10.17152/gefad.905176>
- Subbotina, A.V., & Grzhibovskiy, A.S. (2015). *Opisatel'naya statistika i proverka normalnosti raspredeleniya kolichestvennykh dannyykh* [Descriptive statistics and testing for normality of quantitative data]. *Ekologiya cheloveka*, (2), 51-57. (In Russian)
- Tabachnick, B.G., & Fidell, L.S. (2019). *Using Multivariate Statistics* (7th ed.). Boston: Pearson.